

Күн жарық фильтрі: Пайдалану нұсқаулығы



Толық күннің тұтылуы

Дүйсенбі, 8 сәуір 2024 жыл



TERMS AND CONDITIONS FOR USE OF ECLIPSE GLASSES

Please read these Instructions for Use carefully before using the Eclipse Glasses. Your purchase and use of the Eclipse Glasses constitutes your agreement to these Terms and Conditions. Failure to follow these Instructions for Use may result in serious personal injury, including permanent eye damage. If you do not understand these Instructions or cannot follow them diligently and completely, then you should not look at the Sun at any time, with or without the Eclipse Glasses.

The term “Eclipse Glasses” refers to the special cardboard-and-polymer optical products, marked “ISO 12312-2” and “SAFE FOR DIRECT SOLAR VIEWING”, manufactured by Rainbow Symphony of Reseda CA or American Paper Optics of Bartlett TN, and sold by Eclipse2024.org for the purpose of viewing the Sun during the solar eclipse of April 8, 2024, by or under the direct supervision of a person 18 years of age or above and in accordance with these Instructions for Use.

Observing the Sun directly, without the benefit of eye protection provided by the Eclipse Glasses, will likely result in serious personal injury, up to and including permanent eye damage and blindness. When these Instructions for Use are followed completely and precisely, the undamaged and unmodified Eclipse Glasses have been proven to be safe and effective in allowing direct, short-term viewing of the Sun. If these Instructions for Use are not followed, or if damaged or modified Eclipse Glasses are used, permanent eye injury could result.

You should never look directly at the Sun, with or without the aid of the Eclipse Glasses, if you have any temporary or permanent medical or other condition which either (1) prevents your use of the Eclipse Glasses according to these Instructions for Use, or (2) which predisposes you to an increased or special risk of incurring, worsening, or contributing to the effects of any optical condition, or other medical, health, or other condition, by looking or attempting to look at the Sun.

You should never attempt to perform any other activity (such as driving or walking) while using the Eclipse Glasses.

You agree that if you allow others to use the Eclipse Glasses, you will provide each such user with a copy of these Instructions for Use and will make sure such user reads and understands the Instructions for Use before using the Eclipse Glasses.

By using the Eclipse Glasses to view the Sun, you agree with the following:

- (a) you understand these Instructions for Use completely;
- (b) you understand and accept the risks associated with improper use of the Eclipse Glasses;
- (c) you accept full responsibility for, and assume all risks associated with, the act of viewing the Sun, with or without the use of the Eclipse Glasses; and
- (d) the Eclipse Glasses are fragile, and any damage or modification will render them immediately and permanently unusable for their intended purpose.

Release and Limitation of Liability

By way of purchasing and using the Eclipse Glasses, you are irrevocably releasing, indemnifying, and holding harmless the manufacturer and seller from any liability, loss, claim and expense (including attorney’s fees), including but not limited to bodily injury or other personal harm, which may result from using the Eclipse Glasses under any circumstances or conditions and irrespective of jurisdiction. Neither the manufacturer nor the seller will be responsible for any damages of any kind, irrespective of reasons, conditions or circumstances, including malfunctioning of the Eclipse Glasses. All risks associated with using the Eclipse Glasses rest solely and entirely with the user, irrespective of whether the Eclipse Glasses are used by the original purchaser or any third party. You fully understand and assume the risks in using the Eclipse Glasses. You confirm that you have read this release of liability and fully understand its terms and that you have given up substantial rights by purchasing and using the Eclipse Glasses.

THE MANUFACTURER AND SELLER OF THE ECLIPSE GLASSES MAKE NO WARRANTY OF ANY KIND, EXPRESSED OR IMPLIED, WITH RESPECT TO THE ECLIPSE GLASSES, INCLUDING BUT NOT LIMITED TO THE IMPLIED WARRANTIES OF MERCHANTABILITY, FITNESS FOR A PARTICULAR PURPOSE, AND NON-INFRINGEMENT. NEITHER THE MANUFACTURER NOR THE SELLER SHALL BE LIABLE FOR ANY OTHER DAMAGES, INCLUDING BUT NOT LIMITED TO DIRECT, INDIRECT, INCIDENTAL, SPECIAL, CONSEQUENTIAL, OR EXEMPLARY DAMAGES, WHETHER IN AN ACTION IN CONTRACT OR TORT (INCLUDING NEGLIGENCE AND STRICT LIABILITY), SUCH AS, BUT NOT LIMITED TO, LOSS OF ANTICIPATED PROFITS OR BENEFITS RESULTING FROM, OR ARISING OUT OF, OR IN CONNECTION WITH THE USE OR FURNISHING OF THE ECLIPSE GLASSES OR THE PERFORMANCE, USE OR INABILITY TO USE THE SAME, EVEN IF THE MANUFACTURER OR SELLER HAS BEEN ADVISED OF THE POSSIBILITY OF SUCH DAMAGES. IN NO EVENT WILL THE MANUFACTURER’S OR SELLER’S TOTAL LIABILITY EXCEED THE PRICE PAID FOR THE PRODUCT.

Note Regarding Translations

[Translations](#) of these Instructions for Use into various languages are provided “AS-IS” and solely for the convenience of the reader. Eclipse2024.org has made reasonable efforts to ensure the accuracy of the Translations; however, in the event of any perceived discrepancy in meaning or interpretation between the English version and any Translation, the English version will prevail. You should not act in reliance on anything contained in any Translation of these Instructions for Use, but should refer to the official English version.


ТОЛЫҚ КҮННІҢ ТҰТЫЛУЫ - 8 сәуір 2024 жыл

Солтүстік Америкаға қош келдіңіз!

Біздің континентімізге толық күннің тұтылуын бақылау үшін келгеніңізге қуаныштымыз және біз бұл керемет құбылысты әрбір адам қауіпсіз бақылауын қалаймыз!

Сіздің ыңғайлығыңыз үшін, осы нұсқаулықтар қазақ тілінде ұсынылады. Осы нұсқаулықтар, ережелер және ескертулердің ағылшын тіліндегі нұсқасы («Нұсқаулықтар»), күнге тікелей қарау үшін, Күн жарық фильтрін керекті түрде және дұрыс пайдалану туралы ақпарат пен басшылықтың толық көзі болып табылады. Нұсқаулықтарды <https://tinyurl.com/2024Instructions> сайтынан табуыңызға болады және Күн жарық фильтрін пайдалану алдында, оларды оқып, түсінуіңіз қажет. **Нұсқаулықтарды орындамау жеке басыңыздың ауыр жарақаттарына әкелуі мүмкін.**

8 сәуір 2024 жылы болатын тұтылуды астрономдар «толық тұтылу» деп атайды, бірақ сіз толық кезеңін көру үшін, Солтүстік Американы қиып өтетін өте тар («толық тұтылу жолағы» деп аталатын) жолақ шегінде орналасуыңыз керек. Егер сіз осы жолақта болмасаңыз, онда тек қана жартылай тұтылуды көре аласыз! Сондықтан, толық тұтылу жолағында екеніңізді білу өте маңызды, ал бұны анықтау әдісі төменде түсіндірілген.



Толық тұтылу жолағы

ҚЫСҚА ЖЕТЕКШІЛІК

ТОЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАР

Осы құжатта пайдаланылған «Күн жарық фильтрі» термині, ескертулердің бірінші бетінде айтылған және осы құжаттың басқа бөлімдеріне сілтеме жасайтын «Eclipse Glasses» деп түсініледі.

Күнді бақылау үшін, Күн жарық фильтрін пайдалануының заңды келісімі болып табылады. Кез келген уақытта күнді бақылау үшін, Күн жарық фильтрін пайдалану нұсқаулықтарда қамтылған, барлық нұсқауларды және ережелерді, дәл және толық орындауыңыз қажет. Нұсқаулықты түсінбесеңіз немесе оны толығымен және дұрыс орындай алмасаңыз, немесе оның шарттарымен келіспесеңіз, онда қандай да әдісті пайдаланып, күнді қандай да уақытта бақылаудан бас тартуға кеңес беріледі және ұсынылады.

КҮН ЖАРЫҚ ФИЛЬТРІН ПАЙДАЛАНУ ҚЫСҚАША ЖЕТЕКШІЛІГІ

Бұл қысқаша жетекшілік, тұтылуды бақылау үшін Күн жарық фильтрін пайдалануының [қазақ тіліндегі нұсқауларының толық жиынтығы](#). Оның толық мәтінін оқып, түсініп және қолдануыңыз қажет.









- 1) Орналасқан жеріңізді eclipse2024.org/find-times сайтынан қараңыз, онда тұтылу толық болатынын немесе болмайтынын, сондай-ақ осы орналасудағы жартылай және (егер қолданылатын болса) толық кезеңдері үшін шамамен байланыс уақытын тексеріңіз.
- 2) Толық тұтылу - өте керемет құбылыс, бірақ сіз толық кезеңін тек, шамамен 200 км кеңістігінде орналасқан, «толық тұтылу жолағы» ішінде болсаңыз ғана тамашалай аласыз. Егер жоспарлаған бақылау орныңыздан толық кезеңі көрінбейтін болса, толық тұтылу жолағына кіретін орынға көшуге кеңес береміз!
- 3) Тұтылуды бақылау үшін күн жарық фильтрін пайдалану кезінде, тікелей күн көзінен қорғану мақсатында, линзаны көздеріңіздің алдында тікелей ұстаңыз.
- 4) Күнді бақылау үшін, Күн жарық фильтрін қашан пайдалану қажет:
 - a. Егер сіздің орналасқан жеріңізде тұтылу **ТОЛЫҚ БОЛМАСА**, оны үнемі Күн жарық фильтрі арқылы бақылаңыз. **КҮНГЕ КӨЗ ҚОРҒАНЫСЫН ПАЙДАЛАНБАЙ ҚАРАҒАН ЖАҒДАЙДА, КӨЗІҢІЗГЕ ЗАҚЫМ ТИЮ ҚАУІПІ БАР!**
 - b. Егер сіздің орналасқан жеріңізде тұтылу **ТОЛЫҚ БОЛСА**, күн дискінің жарқын жағының - тіпті өте кішкене бөлігі ғана көрінетін болса да, күнді Күн жарық фильтрі арқылы бақылау қажет. **ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҰСТАНБАСАҢЫЗ, КӨЗІҢІЗГЕ ЗАҚЫМ ТИЮ ҚАУІПІ БАР!**
 - i. Дегенмен, күн дискінің еш жарқын жағының көрінбеген, **ТЕК қана қысқа, толық кезең уақыт аралығы ішінде**, Күн жарық фильтрін пайдаланбастан толық тұтылуға тікелей қарауыңыз болады.
 - ii. Шын мәнісінде, толық кезеңде күнді бақылау үшін Күн жарық фильтрін қолданатын болсаңыз, мүлдем ештеңе көре алмайсыз!
 - iii. Күн жарық фильтрін толық кезең аяқталғаннан кейін, ал күн дискінің жарқын бөлігі көрінгеннен бастап қайта қолдануыңыз қажет.
- 5) Басқаша айтқанда,

КҮН ДИСКІНІҢ ҚАНДАЙДА БІР ЖАРҚЫН БӨЛІГІ КӨРІНЕ БАСТАҒАННАН, КҮНДІ БАҚЫЛАУ ҮШІН КҮН ЖАРЫҚ ФИЛЬТРІН ПАЙДАЛАНУҒА МІНДЕТТІСІЗ!

КҮН ЖАРЫҚ ФИЛЬТРІН ПАЙДАЛАНУ ТОЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ


Алдымен, қажетті терминологиямен танысуыңыз қажет!

Әрбір тұтылу түріне және орналасу орнына байланысты, әрбір құбылыс кезеңіне берілген атаулар бар. Олар келесілер:

Құбылыс атауы	Құбылыс сипаттамасы	Көрінісі (толық тұтылу үшін)	Көрінісі (жартылай тұтылу үшін)
C1	Жартылай кезеңнің басталуы		
C2	Толық кезеңнің басталуы		** Болмайды! **
Максималды кезеңі	Тұтылудың максималды кезеңі		
C3	Максималды кезеңнің аяқталуы		** Болмайды! **
C4	Жартылай кезеңнің аяқталуы		

1) КҮН ЖАРЫҚ ФИЛЬТРІН ПАЙДАЛАНУ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ


- 1) [Егер қолданылса] Күн жарық фильтрінің орауын абайлап шешіңіз.
- 2) Қолданыста болмаған кезде Күн жарық фильтрін қауіпсіз жерде сақтаңыз.
- 3) Күн жарық фильтрін әр қолданар алдында тексеріңіз; егер линза пленкасы зақымдалған немесе қалай да мыжылған болса, Күн жарық фильтрін қолданбай, [бүлінбегеніне ауыстырыңыз](#).
- 4) Егер линза пленкасы қалай да зақымдалған болса, бұндай Күн жарық фильтрін, күнді бақылауға еш қолдануға болмайды.
- 5) Линза пленкасын Күн жарық фильтрінен шығармаңыз және шығарылған линза пленкасын күнді бақылау үшін пайдаланбаңыз.
- 6) Күн жарық фильтрінің дұрыс салынған, бүлінбеген линзалары, көзге көрінетін жарықтың қауіпті деңгейлерінен, сондай-ақ зиянды УК және басқа да күн сәулелер қауіпінен қорғайды. Сондықтан, осы нұсқаулықта көрсетілген ережелерге сәйкес, күнді бақылау үшін Күн жарық фильтрін пайдалану өте қауіпсіз. Күн тұтылу уақытында, күнді бақылау кезінде жоғары немесе төмен қауіпін беретін, қандай да ерекше «күн тұтылу сәулелері» жоқ.
- 7) **Күн дискісінің жарқын жағының қандай да көрінетін бөлігіне қарамастан, күнді қауіпсіз бақылау үшін, Күн жарық фильтрі осы жерде сипатталған әдіспен пайдалануы қажет. Басқа дереккөздеріне қарамастан, кез келген тұтылу байланыс уақыттарына (жоғарыда сипатталғандай «С2» және «С3») қатысты.**
- 8) Күн жарық фильтрін, қандай да телескоппен, бинокльмен, камерамен, линзамен, айнамен немесе басқа да оптикалық аспаппен, құрылғымен немесе жарық беретін неме тарататын объектімен («Оптикалық құрылғы») қолдануға болмайды.
- 9) Осындай оптикалық құрылғыны ешқашан күнге қарай немесе күнге тікелей бағыттамаңыз және күнге бағытталған немесе қалайда күн жарығын жинайтын, фокустап, қайта бағыттайтын кез-келген оптикалық құрылғы арқылы күнді бақыламаңыз.
- 10) Күн жарық фильтрін жануарлар немесе уақытша қабілеті жоқ адамдар, Күн жарық фильтрін қауіпсіз пайдалану талаптарын оқып, түсініп және қолдана алмайтын немесе жауапкершілікті заңды түрде қабылдай алмайтын адамдар пайдалана алмайды.
- 11) Күн жарық фильтрін пайдалану:
Күн жарық фильтрін көзіңіз бен күн арасында ұстаңыз және Күн жарық фильтрінің зақымдалмаған линзасы арқылы күнге қараңыз, Күн жарық фильтрінің линзасын, сіздің көзіңіз және күн арасында әрдайым ұстаңыз. Күн жарық фильтрі картон көзілдірігі ретінде жасалған жағдайда, картонды бүгіп, әдеттегі көзілдіріктер сияқты етіп киюіңізге болады. Күн толық тұтылу кезеңінде болмаған жағдайда (мысалы, төменде көрсетілген кестеге назар аударатын болсаңыз, С2 және С3 аралығындағы уақыттарда, егер бұл уақыт сіздің бақылау орныңызға жарамды болса), тікелей күнге қарауға болмайды, тек егер сіз зақымдалмаған Күн жарық фильтрінің линзасы арқылы бақылап тұрмасаңыз.
- 12) Күнді бақылау кезінде, бастапқыда шығарылған Күн жарық фильтрі объектілерінің линзаларынан басқаны, көзді қорғау құралы ретінде қолдануға болмайды.
- 13) Осы нұсқаулыққа қатысты сұрақтарыңыз болса, <https://tinyurl.com/glasses-questions> Eclipse2024.org сайтына хабарласыңыз.



2) ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІҢІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТҰТЫЛУ КЕЗЕНДЕРІНІҢ ДӘЛ УАҚЫТЫМЕН ТАНЫСЫҢЫЗ

Орналасқан жеріңізге байланысты eclipse2024.org/find-times сайтындағы ақпаратқа сәйкес, келесі мәлімдемені аяқтаңыз:

Менің орналасқан жерім үшін тұтылу:

















(керегін айналдыра жиектеңіз)

<p>Егер орналасқан жеріңізде тұтылу ТОЛЫҚ болса,</p> <p>«МЕНИҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІМДЕ ТҰТЫЛУ ТОЛЫҚ»</p> <p>деген нұсқаулықтың төмендегі бөлімін ұстаныңыз:</p>	<p>Егер орналасқан жеріңізде тұтылу ТОЛЫҚ ЕМЕС болса,</p> <p>«МЕНИҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІМДЕ ТҰТЫЛУ ТОЛЫҚ ЕМЕС»</p> <p>деген нұсқаулықтың төмендегі бөлімін ұстаныңыз:</p>
---	---

**** МЕНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІМДЕ ТҰТЫЛУ **ТОЛЫҚ** ****

Сіз толық тұтылу жолағында орналасқансыз, осылайша сирек кездесетін және керемет құбылысты тамашалай аласыз! Орналасқан жеріңізде тұтылу толық болу кезеңін анықтау, сіз үшін өте маңызды. Төменде көрсетілген кезеңдерге сілтеме жасай отырып, сондай-ақ, толық кезеңде күн дискінің жарық жағының көрінбейтініне қарай анықтай аласыз.

- 1) Сіздің орналасқан жеріңіз үшін, eclipse2024.org/find-times ұсынған ақпарат негізінде, төменде көрсетілген әрбір тұтылу құбылысының шамалы уақыттын еңгізіңіз ([сағаттық белдеуіңізді](#) есте сақтаңыз!):

C1 дейін	* Тұтылу байқалмайды *				Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет
C1	Жартылай кезеңнің басталуы:				Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет
C2	Толық кезеңнің басталуы:				C2 кейін , Күн жарық фильтрін қолданбауға болады
Максималды кезеңі	Басталуы:				Жай көзбен бақылауға болады!
C3	Толық кезеңнің аяқталуы :				Күн жарық фильтрін қайтадаг МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет
C4	Жартылай кезеңнің аяқталуы:				Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет
C4 кейін	* Тұтылу байқалмайды *				Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет

- 2) Сіз толық тұтылу жолағында орналасқан болсаңыз да, тұтылу толық емес C2 дейінгі немесе C3 кейінгі кез келген уақытта, күнді бақылау үшін әлі де, Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ пайдалануыңыз қажет.

- 3) Күнді қорғаныссыз (Күн жарық фильтрін қолданбастан), тікелей ТЕК келесі жағдайларда бақылай аласыз:
- орналасқан жеріңізде тұтылу толық болса (сіз «жолақта» орналассаңыз), ЖӘНЕ
 - толық кезең фазаларында (жоғарыда айтылған, орналасқан жеріңізде шамамен C2-ден C3-ге дейінгі кезеңде), ЖӘНЕ
 - күннің жарқын дискісі аймен толық жабылған кезде.**

Толық кезең фазалар уақыты, сіздің нақты орналасқан жеріңізге байланысты айтарлықтай өзгереді, сондықтан фазалар болжалды уақытын анықтап, алдын ала жазып алыңыз. Жазып алатын фазалар уақыты болжалды екенін ескеріңіз!

- 4) Жоғарыдағы тізімде көрсетілген кез-келген фазалар немесе басқа да сыртқы көзден алынған ақпараттарға қарамастан, **күн дискінің КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАРҚЫН ЖАҒЫ көрінетін болса, күнді тек Күн жарық фильтрі арқылы бақылауыңыз қажет.**
- 5) Оңай түсіндіру мақсатымен, бұл нұсқаулық графикалық қосымшалармен бірге жүреді.

Сіз төменде келтірілген ережелерді оқып, түсініп және қолдануыңыз қажет:











**МЕН, КҮН ЖАРЫҚ ФИЛЬТРІН ҚАУІПСІЗ ҚОЛДАНУ ҮШІН,
ОҒАН ҚАТЫСТЫ **БАРЛЫҚ** НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУҒА
МІНДЕТТІМІН.**

**КҮН ДИСКІНІҢ КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАРҚЫН ЖАҒЫ
КӨРІNETІН ЖАҒДАЙДА, КҮНДІ БАҚЫЛАУ ҮШІН КҮН
ЖАРЫҚ ФИЛЬТРІН ПАЙДАЛАНУҒА **МІНДЕТТІМІН.****

**** МЕНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІМДЕ ТҰТЫЛУ *ТОЛЫҚ ЕМЕС* ****

Сіз толық тұтылу жолағында орналаспағаныңыз, сондықтан толық тұтылу кереметін бақылай алмайсыз. (Біз осы тамаша құбылысты көру үшін, өзіңіз орналасқан жерді, толық тұтылу жолағы ішіне енетін жерге ауыстыруға кеңес береміз!)

- 1) Сіздің орналасқан жеріңіз үшін, eclipse2024.org/find-times ұсынған ақпарат негізінде, төменде көрсетілген әрбір тұтылу құбылысының шамалы уақыттын еңгізіңіз ([сағаттық белдеуіңізді](#) есте сақтаңыз!):

C1 дейін	* Тұтылу байқалмайды *				Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет
C1	Жартылай кезеңнің басталуы:				Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет
Максималды кезеңі	Басталуы:				Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет
C4	Жартылай кезеңнің аяқталуы:				Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет
C4 кейін	* Тұтылу байқалмайды *				Күн жарық фильтрін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолдану қажет



(Назар аударыңыз, орналасқан жеріңізде тұтылу толық емес болғандықтан, C2 және C3 кезеңдері көрсетілмеген!)

- 2) Сіз орналасқан жерде тұтылу толық емес болғандықтан, күнді бақылау үшін **ҮНЕМІ Күн жарық фильтрін қолдануыңыз қажет**. Тағы да, сізге толық тұтылу жолағында орналасқан жерге баруды ұсынамыз. Тұтылудың жартылай кезеңдерін қауіпсіз бақылау үшін, Күн жарық фильтрін өзіңізбен бірге алуды ұмытпаңыз!
- 3) Оңай түсіндіру мақсатымен, бұл нұсқаулық графикалық қосымшалармен бірге жүреді.

Сіз төменде келтірілген ережелерді оқып, түсініп және қолдануыңыз қажет:

МЕН, КҮН ЖАРЫҚ ФИЛЬТРІН ҚАУІПСІЗ ҚОЛДАНУ ҮШІН, ОҒАН ҚАТЫСТЫ **БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУҒА МІНДЕТТІМІН.**

ҮНЕМІ КҮНДІ БАҚЫЛАУ КЕЗІНДЕ КҮН ЖАРЫҚ ФИЛЬТРІН ПАЙДАЛАНУҒА МІНДЕТТІМІН.



PDF

қазақ тілі

GRAN ECLIPSE NORTEAMERICANO
GRANDE ÉCLIPSE NORD - AMÉRICAINÉ
GREAT NORTH AMERICAN ECLIPSE

